

Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі

Қызылорда ашық университеті

«Бекітемін»

Қызылорда ашық
университетінің ректоры

Қасенов Қ.А.Бисенов
«28» 08 2023 ж.



БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫН ӘЗІРЛЕУ ЖӘНЕ САРАПТАУ ЕРЕЖЕСІ

Қызылорда, 2023 ж.

Қызылорда ашық университетінің Ғылыми Кеңесінде қаралып бекітілді.

№__ хаттама «__» _____ 2022 жыл

БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫН ӨЗІРЛЕУ ЖӘНЕ САРАПТАУ ЕРЕЖЕСІ ТЕРМИНДЕР, АНЫҚТАМАЛАР, ҚАСҚАРТУЛАР

Осы Ережеде келесі негізгі терминдер, анықтамалар мен қысқартулар қолданылады:

Біліктілік – кәсіби қызметтің нақты түрін немесе нақты еңбек міндеттерін орындауға даярлау (дайындық) деңгейінің сипаттамасы;

Біліктілік деңгейі – қызметкердің құзыреттеріне қойылатын талаптар жиынтығы, еңбек әрекеттерінің стандарттантыс, күрделілік, жауапкершілік пен өз бетіндік параметрлері бойынша жіктелінеді;

Құзыреттілік – білімді, икемділік пен тәжірибені еңбек қызметінде қолдана білу қабілеті;

Біліктіліктердің ұлттық шеңбері – еңбек рыногында мойындалатын біліктілік деңгейлерінің құрылымдандырылған сипаттамасы.

Кәсіби қызмет саласы – жалпы интеграциялық негізі бар (ұқсас немесе жауық бағыттар, нысандар, технологиялар, оның ішінде еңбек құралдары) және еңбек атқарымдары мен оларды орындауға арналған ұқсас құзыреттіктер жиынтығын көздейтін салалық еңбек қызметі түрлерінің жиынтығы;

Кәсіби қызмет нысаны – ықпал ету бағытталған жүйелер, нысандар, құбылыстар, үдерістер;

Негізгі білім бағдарламасы (оқыту деңгейі бойынша) – оқу жоспарын, оқу курстарының, сабақтардың, пәндердің (модульдердің) жұмыстық бағдарламаларын және білім алушыларды тәрбиелеу мен даярлау сапасын қамтамасыз ететін басқа материалдарды, сондай-ақ оқу және өндірістік іс-тәжірибелердің бағдарламаларын, күнтізбелік оқу кестесін (академиялық күнтізбе) және тиісті білім технологиясын іске асыруды қамтамасыз ететін әдістемелік құралдарды қамтитын оқу-әдістемелік құжаттамалар жиынтығы;

Кәсіби стандарт – нақты кәсіби қызмет саласында біліктілік пен құзыреттілік деңгейіне, еңбек мазмұнына, сапасы мен жағдайларына қойылатын талаптарды айқындайтын стандарт;

Кәсіп – еңбек қызметінің түрі, арнайы даярлық, жұмыс тәжірибесі нәтижесінде алынған арнайы теориялық білімдер мен іс-тәжірибелік дағдылар кешенін игеруді талап етеді;

Бейін – білім бағдарламаларының нақты бағытын айқындайтын, кәсіптің өзіне тән негізгі сипаттарының жиынтығы (даярлық, мамандықтар, маманданулар бағыттары);

Оқыту нәтижелері – игерілген білімдер, икемдіктер, дағдылар мен меңгерілген құзыреттіліктер;

Еңбек атқарымы – бизнес-процестерді айқындайтын еңбек әрекеттері мен оларды орындау үшін қажетті құзыреттердің болуын көздейтін интеграцияланған және салыстырмалы автономды жиынтықты білдіретін еңбек қызметінің құрамдас бөлігі;

Білім деңгейі – нақты көлем мен күрделілік деңгейіндегі аяқталған білім циклының нысандандырылған көрсеткіші, оның негізгі сипаттамалары федералды мемлекеттік білім стандартымен айқындалады.

Осы әдістемелік ұсынымдарда мемлекеттік білім стандарттарына сәйкес келесі қысқартулар қолданылады:

МЖБС (ГОСО) – мемлекеттік жалпы білім беру стандарты

ҚАУ– Қызылорда ашық университеті

ББ –білім беру бағдарламасы

ТОЖ – типтік оқу жоспары

ПОӘЖ – пәннің оқу-әдістемелік кешені

1. Қолдану саласы

Осы әдістемелік ұсынымдар Қызылорда ашық университетінің жоғары және жоо кейінгі білімінің білім бағдарламаларын жасау, бекіту және сараптау ережелерін айқындайды.

Әдістемелік ұсынымдар университет кафедраларында қолданылуға міндетті.

2. Нормативтік сілтемелер

Осы әдістемелік ұсынымдар:

✓ Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319-ІІІ ЗРК «Білім туралы» Заңына;

✓ ҚР Ғылым және жоғары білім министрінің 2022 жылғы 20 шілдедегі №2 бұйрығымен бекітілген «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарына»;

✓ ҚР Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 30 қазандағы №595 бұйрығымен бекітілген «Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларына»;

✓ ҚР Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 13 қазандағы №569 бұйрығымен бекітілген «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрларды даярлау бағыттарының сыныптауышына»;

✓ Қызмет бағыттары бойынша кәсіби стандарттарға;

✓ ҚР Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 20 сәуірдегі №152 бұйрығымен бекітілген «Оқытудың кредиттік технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастыру қағидаларына» сәйкес әзірленді.

3. Жалпы ережелер

Жоғары және жоо кейінгі білім МЖБС сәйкес университеттің бітіртуші кафедралары мамандықтар бойынша оқыту нәтижесіне бағдарланған білім бағдарламаларын өз бетінше әзірлейді.

Білім беру бағдарламаларын әзірлеу жұмыс берушілермен бірлесіп бітіртуші кафедралармен жүргізіледі.

Білім беру бағдарламалары оқу жылының басында әзірленеді. Білім беру бағдарламаларын қайтадан бекіту білім саласын реттейтін нормативтік-құқықтық актілер өзгерген кезде жүргізіледі.

Білім беру бағдарламаларының құрылымы, жасау тәртібі, қайта қарау, сараптау Қызылорда ашық университетінің Академиялық мәселелер жөніндегі басқармасы және жұмыс берушілердің келісімі арқылы айқындалады.

Білім бағдарламаларын Қызылорда ашық университетінің бірінші проректоры бекітілген тәртіпте, жұмыс берушілердің және Сапа жөніндегі комитеттің келісімі арқылы бекітеді.

Білім бағдарламаларының сапасына бітіртуші кафедра жауапкершілік танытады.

4. Білім беру бағдарламасын әзірлеу тәртібі

Білім беру бағдарламасын әзірлеу үшін бітіртуші кафедрада бітіруші курстарды оқытатын жетекші оқытушылар мен тәжірибелі мамандар қатарынан жұмыстық топ құрылады.

Нормативтік құжаттар негізінде жұмыстық топ білім бағдарламасының бастапқы нұсқасын әзірлеп, оны кафедра мәжілісінде қарайды. Кафедра мәжілісінің шешімімен осы жоба Сапа жөніндегі комитетке талдауға және келісуге жіберіледі. Содан соң білім бағдарламасы жұмыс берушілермен келісуден өтеді (таныстырылым, дөңгелек үстелдер, семинарлар және т.с.с. арқылы).

Келісілген білім бағдарламасы университеттің ғылыми-әдістемелік кеңесінің мәжілісінде қаралып, Қызылорда ашық университетінің бірінші проректорымен екі данада бекітіледі. Бір данасы оқу-әдістемелік бөлімінде, екіншісі – бітіртуші кафедраға беріледі.

5. Білім беру бағдарламасының құрылымы

Білім бағдарламасының құрылымы келесі компоненттерді қамтиды:

Титуль беті

1. Білім бағдарламасының төлқұжаты

1.1 Біліктіліктер мен лауазымдар тізбесі

1.2 Білім бағдарламасын бітірушінің біліктілік сипаттамасы

2 Мамандық бойынша білім бағдарламасының мақсаты мен міндеттері

3 Мамандық бойынша бітірушінің құзыреттері

4 Мамандық бойынша білім бағдарламасының мазмұны

4.1 Типтік оқу жоспары

4.2 Модульдер сипаттамасы

4.3 Білім бағдарламасымен қалыптастырылатын жалпы құзыреттер

4.4 Білім бағдарламасының модульдері бойынша игерілген кредиттер көлемін көрсететін жиынтық кесте

Білім беру бағдарламасының **Титуль беті 1 Қосымшаға** сәйкес рәсімделеді

1. Білім бағдарламасының Төлқұжаты біліктіліктер мен лауазымдар тізбесін және білім бағдарламасын бітірушінің біліктілік сипаттамасын айқындайды.

Біліктіліктер мен лауазымдар тізбесінде берілетін дәреже туралы (бакалавр, магистр, PhD доктор) ақпараттар мен білім бағдарламасын бітіруші атқара алатын қызметтердің атауы болады.

Білім бағдарламасын бітірушінің біліктілік сипаттамаларын анықтауда мыналар туралы ақпаратты беру қажет:

- кәсіби қызмет саласы;
- кәсіби қызмет объектілері;
- кәсіби қызмет нысандары;
- кәсіби қызмет түрлері;
- кәсіби қызметтің атқарымдары.

2. Мамандық бойынша білім бағдарламасының мақсаты мен міндеттері

Бағдарламаның мақсаты жоо оқытушылары мен білім алушыларына, сондай-ақ жоо-дан тыс негізгі мүдделі тараптарға түсінікті болуы тиіс. Мысалы, техникалық бағыттар мен мамандықтар бойынша ББ үшін бұлар, ең алдымен экономиканың шынайы секторының жұмыс берушілері, инженерлік мамандықтар мен техника және технологияларды жасау, жобалау, шығару және қолданумен шұғылданатын қолданбалы ғылым өкілдері.

МЖБС-да берілген мамандықтар бойынша білім бағдарламаларының негізгі міндеттері кәсіби стандарттар мен жұмыс берушілердің талаптары негізінде нақтыланады және толықтырылады.

3. Мамандық бойынша бітірушінің құзыреттері

Бұл бөлімде мамандық бойынша бітірушінің білім бағдарламасын игеру нәтижесінде қалыптасатын құзыреттерін сипаттау қажет.

4. Білім беру бағдарламасының мазмұны қамтиды:

- мамандыққа арналған модульдік оқу жоспары
- модульдер сипаттамасын (*2 Қосымшаға* сәйкес)
- білім беру бағдарламасымен қалыптасатын жалпы құзыреттер
- білім бағдарламасының модульдері бойынша игерілген кредиттер көлемін көрсететін жиынтық кесте (*3 Қосымша*)

5. Білім беру бағдарламасының сараптамасы

Білім бағдарламасының сапасын жетілдіру және қамтамасыз ету мақсаттарында әзірленген бағдарламаларға еңбек нарығының сұраныстарына сәйкестігіне, білім технологияларын пайдалануына, оның ішінде студенттердің жетістіктерін бағалау әдістемесін қоса алғанда, сондай-ақ осы бағдарламаның өзектілігін ескере отырып, жұмыс берушілердің қатысуымен сыни талдау және сараптама жүргізіледі.

Сараптамаға тартылады:

- жұмыс берушілердің өкілдері, өйткені нақ солар бағдарламаны игерудің жарияланған нәтижелері кәсіби стандарттардың талаптарына және оларда түзілген маманға қойылатын біліктілік талаптарына сәйкестігін өзгелерден бұрын жақсы бағалай алады;

- білім алушылардың (студенттер) немесе бітірушілердің өкілдері, өйткені олар білім беру қызметтерін тікелей тұтынушылардың пікірлерін көрсетеді;

- білім бағдарламаларын әзірлеп, іске асыруға қатысатын оқытушы-профессор құрамы, өйткені нақ солар оның дидактикалық дұрыстығын бағалай алады.

Білім бағдарламаларын сараптаған кезде ББ қойған мақсаттар мен міндеттердің орындалуы, ББ құрудың толықтығы мен қисындылығы, сондай-ақ оқыту нәтижелеріне жету бағаланады.

Сараптама қорытындылары бойынша тиісті ұсынымдар беріледі:

- білім бағдарламасы бекітілсін /мақұлдансын;

- әлде де тиянақтау жүргізілсін.

6. Білім беру бағдарламасының даму жоспары

Бірінші проректор

К.А.Еримбетов

Академиялық мәселелер жөніндегі
проректор

А.Б.Әлібекова

Оқу процесін тіркеуші офисінің
меңгерушісі

А.Х.Омарова

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

ҚЫЗЫЛОРДА АШЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

6B04140 - "ЭКОНОМИКА" БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ

Қызылорда, 20__ж.

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ
ҚЫЗЫЛОРДА АШЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

«Келісіді»

Жұмыс беруші әріптес мекеме, басшысының
қолы, мөрі _____

_____ , _____ 20__ ж.

«Бекітемін»

Қызылорда ашық университетінің ректоры,
т.ғ.д., профессор

_____ **К.А.Бисенов**
« ____ » _____ 20__ ж.

6B04140 - "ЭКОНОМИКА" БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ

Білім беру траекториясы: Экономикалық жобалау қызметі

Білім беру бағдарламасының деңгейі: бакалавриат

Қызылорда, 20__ ж.

Ескерту: 6B04140-"Экономика" білім беру Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2022 жылғы 20 шілдедегі №2 бұйрығымен бекітілген «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттары», Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 30 қазандағы №595 бұйрығымен бекітілген «Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидалары» негізінде жасалған

Қызылорда ашық университетінің Ғылыми Кеңесінің мәжілісінде қаралған және мақұлданған.
(хаттама № _____, _____ 20__ ж.)

Ғылыми Кеңес төрағасы _____

(қолы)

«Экономика және басқару» кафедрасының мәжілісінде талқыланды, Сапа жөніндегі комитет отырысында қаралып, университет Ғылыми Кеңесіне ұсынылды.

№ _____ хаттама, " _____ " _____ 20__ ж.

Кафедра меңгерушісі _____

(қолы)

6В04140 – «ЭКОНОМИКА»**БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ МАЗМҰНЫ**

№	Компонент атауы	Беттер
I.	Білім беру бағдарламасының сипаттамасы	5
1.1.	6В04140–Экономика білім беру бағдарламасы бойынша модульдік білім беру бағдарламасының мақсаты мен міндеттері	5
1.2.	Білім беру бағдарламасын жалпы сипаттау	5
1.3.	6В04140–Экономика білім беру бағдарламасы бойынша білім бакалаврының біліктілік сипаттамасы	5
II.	Білім алушылардың даярлық деңгейіне қойылатын талаптар	8
III.	Білім беру бағдарламадарының мазмұны	30
3.1.	Мамандыққа арналған оқу жоспары	30
3.2.	Модульдер сипаттамасы	36
3.3.	6В04140 – Экономика білім беру бағдарламалары арқылы меңгерілген кредиттер көлемін көрсететін жиынтық кесте	50

БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ АРҚЫЛЫ МЕНҒЕРІЛГЕН АКАДЕМИЯЛЫҚ КРЕДИТТЕР КӨЛЕМІН КӨРСЕТЕТІН ЖИЫНТЫҚ КЕСТЕ

Білім беру траекториясы: Экономикалық жобалау қызметі

Оқу курсы	Семестр	Менгерілетін модульдер саны	Оқылатын пәндер саны			Ак.кредиттер саны					Сағаттың барлығы	Саны	
			МК	ТК	ЖК	Теориялық оқыту	Оқу тәжірибесі	Өндірістік тәжірибе	Қорытынды аттестаттау	Барлығы		емт	диф. сынақ
1	1	3	4	2	2	30	-	-	-	30	900	8	-
	2	2	7	1	2	29	1	-	-	30	900	8	2
2	3	4	3	2	3	30	-	-	-	30	900	8	-
	4	5	1	3	3	27	-	3	-	30	900	5	2
3	5	3	-	5	1	30	-	-	-	30	900	6	-
	6	3	-	3	3	25	-	5	-	30	900	5	1
4	7	3	-	7	-	30	-	-	-	30	900	7	-
	8	3	-	3	1	11	-	7	8	30	900	3	1
БАРЛЫҒЫ		8	15	26	15	216	1	15	8	240	7200	50	6

"КЕЛІСІЛДІ"

Бірінші проректор

" _____ " _____ 20 ____ ж.

Академиялық мәселелер жөніндегі проректор

Кафедра меңгерушісі

БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ АРҚЫЛЫ МЕНҒЕРІЛГЕН АКАДЕМИЯЛЫҚ КРЕДИТТЕР КӨЛЕМІН КӨРСЕТЕТІН ЖИЫНТЫҚ КЕСТЕ

Білім беру траекториясы: Экономикалық жобалау қызметі

Оқу курсы	Семестр	Менгерілеті н модульдер саны	Оқылатын пәндер саны			Ак.кредиттер саны					Сағат тың бар-лығы	Саны	
			МК	ТК	ЖК	Теориялық оқыту	Оқу тәжірибес і	Өндірістік тәжірибе	Қорытынды аттестаттау	Бар-лығы		ем т	диф. сынақ
1	1	3	4	2	2	30	-	-	-	30	900	8	-
	2	2	7	1	2	29	1	-	-	30	900	8	2
2	3	4	3	2	3	30	-	-	-	30	900	8	-
	4	5	1	3	3	27	-	3	-	30	900	5	2
3	5	3	-	5	1	30	-	-	-	30	900	6	-
	6	3	-	3	3	25	-	5	-	30	900	5	1
4	7	3	-	7	-	30	-	-	-	30	900	7	-
	8	3	-	3	1	11	-	7	8	30	900	3	1
БАРЛЫҒЫ		8	15	26	15	216	1	15	8	240	7200	50	6

"КЕЛІСІЛДІ"

Бірінші проректор

" _____ " _____ 20__ ж.

Академиялық мәселелер жөніндегі проректор

Кафедра меңгерушісі